

Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесін бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 176 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2386. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 123 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 123 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін лицензиатқа, жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына және басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары және аталған талаптарды растайтын құжаттар туралы" 1997 жылғы 3 желтоқсандағы N 31-Ө бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін

мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 452 тіркелген, 1998 жылы, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, II том);

2) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің "Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін лицензиатқа, жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына және басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары және аталған талаптарды растайтын құжаттар туралы" бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 9 наурыздағы N 28-Ө бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 74 тіркелген, 1998 жылы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, II том).

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е. Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының барлық мүдделі бөлімшелеріне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 9 м а м ы р д а ғ ы
N 176 қаулысымен бекітілген

Ескерту: Жоғарғы оң жақ бұрышындағы "Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына, жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беруге өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесі

Ескерту: Ереженің атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалынған және жинақтаушы зейнетақы қорларын (бұдан әрі - Қор), олардың құрылтай құжаттарына өзгерістері мен толықтыруларын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру тәртібін, мұндай рұқсат беруге бас тарту негіздемелерін айқындайды .

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) жинақтаушы зейнетақы қорларын мемлекеттік тіркеуге рұқсат алу үшін мынадай құжаттарды т а п с ы р а д ы :

1) рұқсат алуға арналған еркін нысандағы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі құрылтай құжаттары үш данамен (тү п н ұ с қ а және екі көшірме);

3) осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша жасалған құрылтайшылар (заңды және жеке тұлғалар) туралы мәліметтер, оған мынадай құжаттар қоса беріледі (құрылтайшы заңды тұлғалар үшін):

құрылтайшының соңғы екі жылдағы және құжаттарды соңғы тоқсанның а я ғы н д а ғы қ а р ж ы л ы қ е с е б і ;

құрылтайшының соңғы аяқталған қаржы жылындағы қаржылық есебін тексеру нәтижелері туралы аудиторлық есебі;

құрылтайшылардың бағалы қағаз ұстаушыларының тізілім жүйесінен уәкілетті органға рұқсат алуға құжаттарды берген күннің алдындағы күні оның дауыс беруші акцияларының бес және одан астам процентіне ие болған адамдары к ө р с е т і л г е н ж а з б а с ы ;

құрылтай құжаттарының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктердің және статистикалық карточкалардың көшірмелері;

жинақтаушы зейнетақы қорын құру туралы құрылтай жиналысы хаттамасының (жалғыз құрылтайшының шешімінің) көшірмесі;

4) Қызметінің стратегиясын, қызметінің бағыты мен масштабын, қаржы перспективаларын (бюджет, есеп айырысу балансы, алғашқы үш қаржылық (операциялық) жылдағы кірістер мен шығыстар шоты, маркетинг жоспары, еңбек ресурстарын тарту жоспары) ашып көрсететін Қордың бизнес-жоспары.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

2. Жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге рұқсат алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар тапсырылады:

1) рұқсат алуға арналған еркін нысандағы өтініш;

2) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің (жалғыз акционер шешімінің) көшірмесі ;

3) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі үш данасы (түпнұсқа және екі көшірме).

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен .

3. Қорларды әділет органдарында, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларға мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру кезінде құрылтай құжаттарының титул беттерінің оң жақтағы жоғары бұрышына: "20__ жылғы "__ __" _____ Қазақстан Республикасының уәкілетті органы рұқсат еткен" тұжырымдауымен расталады, уәкілетті органның басшысы (басшының орынбасары) қол қояды және уәкілетті органның мөрімен бекітіледі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

4. Уәкілетті орган әділет органдарында Қорды мемлекеттік тіркеуге рұқсат беруді, осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды жүзеге асырады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

5. Жинақтаушы зейнетақы қорларын, сондай-ақ олардың құрылтай құжаттарына өзгерістері мен толықтыруларын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін екі апта мерзімде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және статистикалық карточканың көшірмелері құрылтай құжаттарының (құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) нотариат куәландырған көшірмелерін уәкілетті органға береді.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен .

5 - 1 . < * >

Ескерту: 5-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

5 - 2 . < * >

Ескерту: 5-2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

6. Уәкілетті орган Қорларды әділет органдарында, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларға мемлекеттік тіркеуге рұқсат беруден 6-2-тармақта көрсетілген мерзімде:

1) осы Ереженің 2 және 3-тармақтарында көзделген құжаттардың толық емес топтамасын берген ;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшыларының (акционерлерінің) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген жарғылық капиталдың талаптарын және оны төлеу тәртібін бұзған жағдайларда жазбаша нысанда бас тартады.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

6 - 1 . < * >

Ескерту: 6-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

6-2. Әділет органдарында Қорды мемлекеттік тіркеуге рұқсат алу үшін ұсынылған құжаттарды, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды осы Ережеде көрсетілген құжаттар топтамасын берген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде уәкілетті орган қарайды.

Ескерту: 6-2-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен , 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

7. Осы Ережемен реттелмеген өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістері мен толықтыруларын әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру ережесіне

1 қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер және толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен ; жоғарғы оң жақ бұрышындағы " , жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беруге" деген сөздер алынып тасталды -ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

Құрылтайшы туралы мәліметтер

(заңды тұлға)

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы)

1 . Қ ұ р ы л т а й ш ы

(заңды тұлғаның толық атауы)

2 . Т ұ р ғ а н ж е р і

(почталық мекен-жайы, телефоны, факс)

3. Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

(куәліктің номері, берілген күні, кім берген)

3-1. Қазақстан Республикасының резиденті/резидент емесі_____

4 . Қ ы з м е т т і ң т ү р і

(қызметтің негізгі түрлері көрсетілсін)

5. Құрылтайшылардың арасында орналасқан Қор акцияларының жалпы санына проценттік арақатынаста құрылтайшы болып сатылып алынатын Қордың дауыс беретін акцияларының саны_____

әділет органдарында мемлекеттік
тіркеуге рұқсат беру ережесіне

2 қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер және толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 қаулысымен ; жоғарғы оң жақ бұрышындағы ", жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беруге" деген сөздер алынып тасталды -ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

Құрылтайшы туралы мәліметтер

(жеке тұлға)

(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

1 . Қ ұ р ы л т а й ш ы

(Фамилиясы, аты, бар болса әкесінің аты)

2. Туған күні _____

3. Азаматтығы _____

4. Жеке басын растайтын құжат (номері, сериясы, берілген күні және кім берген) _____

5. Тұрған жері _____

6. Жұмыс орны, лауазымы _____

7. Білімі _____

(оқу орны, аяқтаған жылы, мамандығы көрсетілсін)

8. Соңғы үш жылдағы еңбек қызметі туралы қысқаша резюме

(ұйымы, атқаратын қызметі, жұмыс кезеңі)

9. Құрылтайшының жеке тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы (тікелей немесе жанама) туралы мәліметтер, мыналар көрсетілсін:

1) әрбір заңды тұлғаның атауы және мекен-жайы

2) әрбір заңды тұлғаның қызмет түрлері (қызметтің негізгі түрлері көрсетілсін)

3) әрбір заңды тұлғаның жарғылық капиталға акциялары акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан немесе үлесінен

10. Құрылтайшылардың арасында орналасқан Қор акцияларының жалпы санына проценттік арақатынаста құрылтайшы болып сатылып алынатын Қордың дауыс беретін акцияларының саны.

(қолы, күні)

Жинақтаушы зейнетақы қорларын,
олардың құрылтай құжаттарына
өзгерістері мен толықтыруларын
әділет органдарында мемлекеттік
тіркеуге рұқсат беру ережесіне

3 қосымша

Ескерту: Жоғарғы оң жақ бұрышындағы ", жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуға келісім беруге" деген сөздер алынып тасталды -ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 10 қаулысымен .

(Уәкілетті органның
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген
бланкісіне басылады)

**Жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге берілген
N __ РҰҚСАТ**

Осы рұқсат _____

(жинақтаушы зейнетақы қорының толық атауы)

жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге берілді

Жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге берілген рұқсат әділет органдарына құрылтай құжаттарымен бірге берілуі тиіс.

Жинақтаушы зейнетақы қорын (жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды) мемлекеттік тіркеуге рұқсаттың берілген күнінен бастап алты айдың ішінде заңды күші бар.

Уәкілетті органның басшысы (Басшының орынбасары)

_____ жылғы " ____ "

_____ мөрдiң орны

